

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Байулов Гани Бекхожаевичтің «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

## ПІКІРІ

**1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен ( практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Қазіргі қазақстандық қоғамдағы рухани жаңғыру үдерістері, Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру, халықтың табыс пен тұрмыс сапасын арттыру адамы капиталын дамытудың қуатты факторы – отандық білім беру жүйесін дамыту міндеттерін нәтижелі жүзеге асырылуымен шартталады. Осы орайда, оқушы мен студент жастардың рухани-адамгершілік, патриоттық, эстетикалық тәрбиесінің негізгі тетіктерінің бірі – музыкалық білімнің қоғамдық сананы және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудағы маңызы жоғарылайды. Музыкалық білім жүйесі ұлттық кодты сақтау, қазақтың және Қазақстан этностарының мәдени құндылықтарын жастардың бойына дарыту, олардың Отанға деген махаббат, өмірге сүйіспеншілік, ізгілік, әсемділік рухында тәрбиеленудегі орны мен рөлі ерекше.

Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң отандық музыкалық білім жүйесі дамуының жаңа, өзгеше, сапалық жағынан жоғары кезеңі бастау алады. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанда музыкалық білімнің дамуы - жаңа саяси-экономикалық, әлеуметтік-тарихи жағдайларда, халқымыздың төл музыкалық өнерінің қайта жаңғырған, әлемге танылған кезеңі.

Тәуелсіздік жылдарындағы музыкалық білім – Егемен елдің болашақ ұрпағын тәрбиелеудің аса жоғары әлеуметтік миссияны орындайтын, дамыған және ұдайы дамудағы педагогикалық жүйе. Отыз жылға жуық тарихы бар Тәуелсіз ел үшін Тәуелсіз Қазақстанда музыкалық білімнің дамуын диссертант өте дұрыс пайымдағандай – бұл зерттеуді қажет ететін тарих.

Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан үшін өзгермелі әлемде музыкалық тәрбие мен білімді дамытудың жаңа, қағида тиімді тұғырларын анықтау және жүзеге асыру көкейкесті мәселе. Бұл мәселенің оң шешімдерінің бірі – Тәуелсіз Қазақстанда музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуын ғылыми пайымдау, сондықтан ізденушінің осы көкейкесті тақырыбын зерттеуге бағдар алуы өте орынды қадам деу мүмкін.

Г.Б.Байуловтың диссертациялық жұмысы Тұңғыш президент, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары, Қазақстан Республикасындағы білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында алға қойылған оқушы және студент-жастарға білім мен тәрбие беру міндеттеріне сай орындалған, отандық білім беру ұйымдарында

музыкалық білім мазмұнын сапалық жаңғыртудың стратегиялық міндеттерін шешуге бағдарланады.

Зерттеу жұмысының маңыздылығы, сонымен қатар, Қазақстанда Тәуелсіздік жылдарында музыкалық білімнің дамуын жүйелі талдау нәтижесінде зерттеу пәні туралы тұтас ғылыми түсініктердің қалыптасуы, тәжірибелік маңызды ғылыми-әдістемелік қорытындылар мен ұсыныстардың берілуімен одан да арта түседі. Осы тұрғыда Г.Б.Байуловтың диссертациялық жұмысының тақырыбы ғылыми және практикалық жағынан шүбәсіз қызығушылық тудырады.

## **2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі**

Диссертацияның ғылыми-әдіснамалық аппараты, қорғауға ұсынылған негізділігі мен шынайылығы, зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қорытынды зерттеудің мазмұнымен үйлесімді болуын қамтамасыз етеді. Осының негізінде ізденуші өзінің ерекше көзқарасын белгілейтін және айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген дербес зерттеуін жүзеге асырған.

**Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы** зерттеу тақырыбы бойынша ресми, тарихи-философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, арнаулы музыкалық әдебиеттерді терең және жан-жақты талдау, тарихи-генетикалық әдіснамалық тәсілден пайдалану негізінде Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасып дамуына ықпал еткен саяси, тарихи-әлеуметтік факторлардың айқындалуымен анықталады.

**Екінші нәтиже негізді және шынайы**, өйткені ауқымды дерек көздері – ғылыми әдебиеттер, баспасөз жарияланымдары және шынайы тәжірибені жан-жақты зерделеу арқылы Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуының нақтылы-тарихи кезеңдерін сипаттауға, музыкалық білім берудің деңгейлерін жүйелі әдіснамалық талдау жолымен оның оқу-тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтауға негізделген.

**Үшінші ғылыми нәтиже негізді және шынайы**, себебі Егемендік жылдарында Қазақстанда музыкалық білімнің дамуы қазіргі заманғы аксиологиялық тұжырымдамалар тұрғысынан талданған, бұл авторға болашақ музыка пәні мұғалімдерін даярлаудың әлеуметтік-құндылықты кәсіби бағдарларын анықтауға, оның негізінде музыкалық педагогика саласындағы мамандар дайындаудың мазмұнын жобалауға мүмкіндік берген.

**Төртінші ғылыми нәтиже шынайы**, өйткені Тәуелсіздік жылдарындағы отандық музыкалық білім беру тәжірибесін тарихи-педагогикалық білім ретінде жүйелеу мәдениеттанымдық, аксиологиялық, өркениеттік, синергетикалық, полипарадигмалық әдіснамалық тәсілдерге негізделген болса, болашақ педагогтарды даярлауда оны пайдаланудың автор әзірлеген әдістері тәжірибелік-эксперимент жолмен тексеріліп, оның нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасалған.

## **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі**

**Бірінші ғылыми нәтиже жаңа**, өйткені Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасып дамуына тарихи-педагогикалық талдау жасалынып, оның генезисі мен динамикасы айқындалған.

**Екінші ғылыми нәтиже – жаңа,** өйткені зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиеттерді және басқа да дереккөздерін теориялық талдау негізінде Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуына сипаттама беріліп, оның деңгейлері және оқу-тәрбиелік мүмкіндіктері анықталған.

**Үшінші нәтиже - жаңа,** себебі автор Тәуелсіз Қазақстанда музыкалық білімнің дамуын аксиологиялық тұғыр көмегімен жан-жақты талдаған, бұл өз кезегінде ізденушіге болашақ музыка пәні мұғалімдерін даярлаудың әлеуметтік-құндылықты кәсіби бағдарларын тұжырымдауына мүмкіндік береді.

**Төртінші нәтиже - жаңа,** өйткені автор ұсынған Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің тарихи-педагогикалық жүйесі және болашақ педагогтарға музыкалық білімді тарихи мұра ретінде меңгертудің әдістері қазіргі заманғы дидактикалық тұжырымдамаларға сай әзірленген, оның тиімділігін эксперименттік тексерудің сандық және сапалық нәтижелерінің оң динамикасы айқындалған.

**4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы**

Жұмыстың теориялық маңыздылығы Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасып дамуының тарихи-педагогикалық кезеңдерінің анықталып жүйелі сипатталуы, оның аксиологиялық негіздерінің айқындалғандығы, Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің дамуына жалпы сипаттама жасалынғандығы, оның деңгейлері қарастырылып, оқу-тәрбиелік мүмкіндіктері айқындалғандығында.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы Тәуелсіз Қазақстанда музыкалық білім дамуын тарихи-генетикалық және аксиологиялық тұрғыдан талдау, оның ерекшеліктерін айқындау, зерттеу барысында жасалынған музыкалық білімді болашақ педагогтарға мәдени мұра ретінде меңгертудің мазмұны мен әдістері, зерттеудің қорытындылары жоғары оқу орындарында болашақ музыка пәні мұғалімдерін даярлауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыруға, оның сапасын жақсартуға алғышарттар жасайды. Зерттеу материалдары бакалавриаттың 5B010600-Музыкалық білім мамандығы студенттері үшін «Музыкалық педагогика», «Музыкалық білім тарихи», «Музыканы оқыту әдістемесі» оқу пәндерінен дәріс, семинар сабақтарын, студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда пайдаланылуы мүмкін. Автор әзірлеген «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің негіздері» атты арнаулы курс бағдарламасы жоғары оқу орындары мен педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарында қолданыс табуы мүмкін.

**5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама**

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген 18 еңбегінде көрініс тапқан. Олар: 2 мақала Web of Science мәліметтер базасына кіретін журналдарында, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарда, оның 4-і Қазақстан Республикасының Білім және

ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған.

#### **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер**

Жоғарыда келтірілген жетістіктермен қатар диссертацияда кездесетін кейбір жайттар жөнінде мынандай ұсыныстар мен ескертулерді айтуды жөн көрдік:

1. Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім берудің деңгейлері (п. 2.2) жалпы орта мектеп мен жоғары оқу орындарының музыкалық білім бағдарламаларын қамтыған. Сонымен бірге, мектепке дейінгі білім мен тәрбие берудің музыкалық білім мазмұнын талдау жұмыстың құндылығын арттырған болар еді.

2. Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім берудің деңгейлерін қарастыруда (п. 2.2) автор отандық музыкалық білім жүйесі сатыларының сабақтастығы мәселесіне жеткілікті мән беруі қажет еді.

3. Диссертацияның 127-140 бб. «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің мазмұны» атты арнайы курс мазмұнын «Қосымшаға» ендіру орынды болады.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ескертпелер ізденушінің зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми-теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

#### **7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды**

Диссертант зерттеу барысында алға қойған мақсаты мен міндеттеріне жете алған. Зерттеу жұмысының жаңалық дәрежесі жоғары, тұжырымдары дәйекті, өзіндік пікір-ұстанымдар деңгейі нақты межеленген. Диссертациялық жұмыс ғылыми деңгейі мен сапасы жағынан «Ғылыми дәреже беру туралы ережелер» талаптарына толықтай сай келеді.

Жоғарыда атап өтілген барлық жағдайларды ескере келе, ізденуші Байулов Гани Бекхожаевичтің «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында орындалған докторлық диссертациясына оң пікір береміз. Сонымен қатар зерттеу жұмысының жаңалықтары мен алынған нәтижелері музыкалық білім мәселелері бойынша болашақ зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданыс табады деп ойлаймын.

Сондықтан да, Байулов Гани Бекхожаевичтің «Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білімнің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбындағы диссертациясы толығымен 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығына сәйкес келеді және докторант аталған мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.


Ресми рецензент:

М.Әуезов атындағы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры,

педагогика ғылымдарының докторы

Н.Ш.Алметов



2019 ж.